



6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Мырзакожа Дияс Асылбековичтің

ПІКІРІ

Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады. Себебі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында отандық фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу және 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, ҚР Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы халықтың денсаулығын нығайтуға, сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ бәсекеге қабілетті импортты алмастыратын дәрілік заттарды құруға және енгізуге бағытталған.

Сасық қурай тамырында терпеноидты кумариндер, фурукумариндер, флавоноидтар, сесквитерпендік лактон, терпендік спирттердің және хош иісті қышқылдардың күрделі эфирлері, жағымсыз сарымсақ иісі бар эфир майлары кездеседі, ал ол иіс полисульфидті қосындылардан шығады.

Соңғы уақытта фармакологиялық және биологиялық зерттеулер сасық қурайдың антиоксиданттық, микробқа қарсы, вирусқа қарсы, саңырауқұлаққа қарсы, қатерлі ісікке қарсы химиотерапиялық, диабетке қарсы, канцерогендік, антиспазматикалық, гипотензивті, релаксациялық және нейропротекторлық әсері сияқты бірнеше фармакологиялық әсерлері бар екендігін көрсетті.

Бағалы терапевтикалық қасиеттеріне қарамастан, *Ferula asafoetida* L. біршама уақыт бойына зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойды.

Рахымбаев Н.А. сасық қурайдың жер асты бөлігіне фармакогностикалық талдау жүргізіп, шекті нормалары аясында сапа көрсеткіштерін анықтаған.

Зерттеуші сасық қурайдың жер асты бөлігінен спиртті және критикаға дейінгі жағдайда көмірқышқылды экстрактыларын алып, оларды химиялық құрамы бойынша салыстырып, оңтайлы экстрактыны таңдаған. Көмірқышқылды экстрактының сапа көрсеткіштерін, қауіпсіздігін және фармакологиялық белсенділігін анықтаған. *Ferula asafoetida* L. көмірқышқылды экстракты қосылған гелдің фармацевтикалық негіздемесін жасаған.



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»**

Химия кафедрасы

Пікір

Редакциясы: 1

2 беттің 2 беті

Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаев докторантурада Жапония елінде, Кобе қаласы, Квансей Гакуин университеті (Kwansei Gakuin University), Ғылым және технология мектебінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Тағылымдама кезеңінде шетелдік кеңесші, профессор Hidetoshi Sato жетекшілігімен Раман спектроскопиясы (Renishaw Raman), сканерлеуші электронды микроскопиясы (JSM 6510 LA) сияқты заманауи физика-химиялық жабдықтарды пайдалана отырып зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Рахымбаев Н.А. диссертациялық жұмысы толық көлемде ұсынылған, талаптарға сәйкес келеді, сонымен қатар, барлық міндеттері толығымен орындалған және алдына қойған мақсатына жеткен.

Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевты қалыптасқан ғылыми зерттеуші, педагог, сондай-ақ, мақсатына жететін, қойылған міндеттерін шеше алатын маман ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаев 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Химия ғылымдарының докторы,
профессор**

Д.А. Мырзакожа

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
НАО «Каззахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»